



Тараз қалалық орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі


Алаштың арысы – Жүсіпбек Аймауытов



Виртуалды көрме

Тараз - 2019

Туып өскен жері Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты бұрынғы Қызыл ту, қазіргі Жүсіпбек Аймауытов ауылы




Жүсіпбек Аймауытов

**қазақтың көрнекті жазушысы,
драматург, публицист, қазақ
әдебиетін қалыптастырушы**




**Алаш партиясының мүшелері. Бірінші қатар Х. Ғабасов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов,
М. Әуезов. Екінші қатар Ж. Аймауытов, Ә. Марғұлан, А. Байтасов.**


Жүсіпбек жастайынан арабша хат танып, оқу үйренген. 1907 ж. бастап Баянауылдағы орысша-қазақша екі кластық мектебінде, Керекудегі (Павлодар) қазыналық ауыл шаруашылық мектебінде, Керекудегі екі класты орыс-қазақ мектебінде оқиды. 1911-1914 жж. ауылда мұғалім болып істейді. 1914-1918 жж. Семейдегі оқытушылар семинариясынан білім алып, одан соң Алашордашылардың істеріне араласып, Семейде «Абай» журналын шығарысып, Қ.Сәтбаевпен, М.Әуезовпен танысады. Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі (1921), «Қазақ тілі» газетінің редакторлық қызмет атқарды.




[Толық мәлімет...](#)




[Толық мәлімет...](#)




[Толық мәлімет...](#)



[Толық мәлімет...](#)



[Толық мәлімет...](#)



[Толық мәлімет...](#)



[Толық мәлімет...](#)



[Толық мәлімет...](#)




[Толық мәлімет...](#)




[Толық мәлімет...](#)




[Толық мәлімет...](#)




[Толық мәлімет...](#)



[Толық мәлімет...](#)



[Толық мәлімет...](#)




84(5Қаз) Аймауытов, Ж. Бес томдық шығармалар жинағы
А31 [Мәтін]. 3 т. Повесть, әңгімелер, аудармалар / Жүсіпбек
Аймауытов. - Алматы : Алаш, 2005. - 304 б.

Үшінші томға қазақ әдебиетінің классигі Жүсіпбек Аймауытовтың бір повесі мен бірнеше әңгімесі және көркем аудармалары еніп отыр.


[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

84(5Қаз) Аймауытов, Ж. Алты томдық шығармалар жинағы
А31 [Мәтін]. 6 т. "Комплекспен оқыту жолдары" : (оқу-
әдістеме), мақалалар, хаттар / Жүсіпбек Аймауытов. -
Алматы : Ел-шежіре, 2013. - 384 б.

Қазақтың ұлттық әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті қайраткері Жүсіпбек Аймауытовтың алты томдық шығармалар жинағының алтыншы томына, оның «Комплекспен оқыту жолдары» атты оқу - әдістемелік еңбегі мен әр жылдарда баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары және хаттары енді.



[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)



84(5Қаз) Аймауытов, Ж. [Ақбілек] [Мәтін] ; [Қартқожа] :
 А31 романдар / Жүсіпбек Аймауытов. - Алматы :
 Ан Арыс, 2009. - 376 б.


Жүсіпбек Аймауытов - өткен ғасыр өлең-алаңында ел рухы мен ұлт әдебиетін асқақтата көтерген, қайталанбас қолтаңбасы бар ұлы жазушыларымыздың бірі.

Қазақ романының ұлы көшін «Ақбілекпен» бастап, «Қартқожа» секілді ғажайып көркем дүниесімен ілгерілеткен, биік белеске жеткізген суреткердің айтулы екі шығармасы осы кітапқа еніп отыр.


[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

84(5Қаз) Аймауытов, Ж. Ақбілек [Мәтін] : повесть, роман /
 А31 Жүсіпбек Аймауытов. - Алматы : Атамұра, 2003. -
 280 б.

Ж. Аймауытов қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тарихында аса бай құнды әдеби мұра қалдырды. Осы жинаққа жазушының «Ақбілек» романы мен «Күнікейдің жазығы» повесі еніп отыр. Аймауытов бұл шығармаларында сол бір аласапыран жылдардағы қазақ ауылы өмірінің шындығын, адамдар тағдырындағы өзгерістерді, ел тұрмысын, заман тынысын кеңінен суреттейді.



[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)



84(5Қаз) Аймауытов, Ж. [Шығармалар жинағы] [Мәтін] : А31 Қартқожа ; Күнікейдің жазығы ; Өлеңдер / Жүсіпбек Аймауытов. - Алматы : Өлке, 2012. - 304 б.


Адамның рухани жаңаруы, тазаруы - Жүсіпбек Аймауытовтың шығармаларына тән тақырып. «Қартқожа» романындағы Қартқожаны бірден қаһарман етіп жібермей, қоғамдағы теңсіздікті, жоқшылықты, әділетсіздікті көріп өскен, өмір талқысына түсіп, сабақ ала отырғызып, біртіндеп көзін ашады.

Қазақ қызының өз теңдігін қорғаудағы үлкен жеңісін «Күнікейдің жазығы» повесі баяндайды. Халықтың сол кездегі салт-дәстүрлері, жастардың ойын-сауық ұйымдастыруы, көш, қыз ұзату сияқты тұрмыс-тіршілігі оқырманды кейде күлдіреді, кейде ойға қалдырады...


[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

83.3(5Қаз)я73 Әбдікова, Қ. Ж.Аймауытов туындыларындағы тұлға [Мәтін] : оқу құралы / Қарлығаш Әбдікова. - Ә14 Алматы : Қазақ университеті, 2011. - 90 б.

Ұсынылып отырған оқу құралында Ж.Аймауытовтың "Қартқожа" және "Ақбілек" романдарындағы тұлға мәселесі қарастырылған. Жазушының дүниетанымдық және көркемдік бейнелеуінің қайнар көздері анықталып, образдар жүйесі, олардың жасалу ерекшеліктері мен негізгі ұстанымдары, сонымен қатар кейіпкердің ішкі әлемін суреттеу амалдары талданады.



[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)




821.512.122.0 Ісімақова, А. Алаш әдебиеттануы [Мәтін] / Айгүл
І 95 Ісімақова. - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2017. - 480 б.

Әдебиеттанушы Айгүл Мұхаммедсерікқызы Ісімақованың бұл еңбегі - ХХ ғасырдың басындағы Алаш әдебиеті мен қазақ әдебиеттану ғылымының ұлттық көркемсөз өнерін зерделеуге арналған. Онда қазақтың асыл сөзін қастерлеген ата-баба мұралары қашаннан басталатындығы, Алаш әдебиеттану ұғымының қалай қалыптасқандығы жөнінде туындайтын сауалдарға жауап беріледі.

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

83.3(5Қаз) Бес арыс [Мәтін] : естеліктер, эсселер және зерттеу
Б48 мақалалар / құраст. Д.Әшімханов. - Алматы : Жалын,
1992. - 544 б.

Жинаққа әдеби, ғылыми, публицистикалық мұралары ұзақ жылдардан кейін ғана жарық көруге жолдама алған Шәкәрім Құдайбердиев (1858-1931), Ахмет Байтұрсынов (1873-1938), Мағжан Жұмабаев (1893-1938), Жүсіпбек Аймауытов (1889-1931) және Міржақып Дулатов (1885-1935) өмірі мен творчествосы туралы жазылған тарихи очерктер, әдеби зерттеу мақалалар мен естелік-эсселер еніп отыр.



[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)



83.3(5Қаз) Қирабаев, С.С. Жүсіпбек Аймауытов: өмірі мен
Қ53 шығармашылығы / Қирабаев С.С. - Алматы : Ана тілі,
1993. - 220 б.

Аймауытов Жүсіпбек - қазақтың көрнекті жазушысы. Ол адамның жан-жүйесін (психологиясын) қазақта тұңғыш зерттеп, оқулық жазған қайраткер, ағартушы, шын мәніндегі ұстаз. 30-жылдар зобалаңының құрбаны болған суреткер, драматург, ғалым.

Белгілі ғұлама ғалым Қирабаев Серіктің ұсынып отырған мынау зерттеу кітабында Аймауытов Жүсіпбектің осы қиын да күрделі тағдыры әңгімеленіп, өмір жолы, болмыс-бітімі, тыныс-тірлігі жан-жақты суреттеледі.


[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

84(5Қаз) Тұрғынбекұлы, С. Тандамалы [Мәтін]. 2 т. 2 т. Өлеңдер
Т89 мен дастандар / Серік Тұрғынбекұлы. - Астана : Фолиант,
2014. - 408 б.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Халықаралық Түркі тілдес елдер поэзиясы фестивалінің лауреаты, Махамбет сыйлығының иегері, көрнекті ақын Серік Тұрғынбекұлының бұл жинағына өлеңдерімен қоса тарихи және лирикалық дастандары енді. Қазақтың көрнекті жазушысы Ж.Аймауытовқа арналған «Жүсіпбек» атты өлеңі еніп отыр.



[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)




[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

84(5Қаз) Қожакеев, Т. Шығармалары [Мәтін]. 4 т. / Темірбек Қ56 Қожакеев. - Алматы : Айғаным, 2014. - 286 б.


Қазақ сатирасын тынбай зерттеп, жүйелеп, толымды да татымды еңбек жасаған ғалым, профессор Темірбек Қожакеевтің шығармалар жинағының 4-томына Абай бастаған қазақ ақын-жазушыларының, сатириктерінің шығармалары сараланып талданған зерттеулері еніп отыр. Автордың Ж. Аймауытовтың туғанына 100 жыл толуына орай жазған «Заман түзелер деумен жүрмін» мақаласы енген.

84(5Қаз) Қожакеев, Т. Шығармалары [Мәтін]. 6 т. / Темірбек Қ56 Қожакеев. - Алматы : Айғаным, 2014. - 286 б.

Көрнекті ғалым Т. Қожакеев шығармасының 6-томына қазақ баспа-сөзінің тың деректері, сонымен қатар А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Н.Төрекұлов, т.б. ақын-журналистер мен қоғам қайраткерлерінің еңбектеріне, өмір деректері мен шығармашылық ерекшеліктеріне ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдау жасаған зерттеулері еніп отыр. «Жүсіпбек Аймауытов – ұстаз журналист», «Ағартушы ұстаздығы», «Балаларға қамқорлығы», «Жастарға тәрбиешілігі» атты тарауларында қаламгерлік және сатиралық мұрасы берілген. Ертегілері - балалар әдебиетінің алтын қорына қосылатын құнды туындылар, жас ұрпақты тәрбиелеуге олардың ұғым-түсінігін ұлғайта түсуге қызмет ете беретін көркем дүниелер.



[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)




83.3(5Қаз) Қ23 Қайта оралған қаламгер [Мәтін] : (халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, жазушы Жүсіпбек Аймауытұлына арналады) / [құраст. В.Қ. Күзембаева]. - Алматы : Орталық ғылыми кітапхана, 2003. - 272 б.

Қайта оралған қаламгер: (Ана тілін қалай оқыту керек әдісін көрсетіп кеткен халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, жазушы Жүсіпбек Аймауытұлына арналады) / Құраст. В.Қ. Күзембаева; Орталық ғылыми кітапхана. - Алматы, 2003. - 272 б. «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық сериясы.

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

79(5Қаз) С23 Сатаев, А. Төл тарихымыздың тұнығынан [Мәтін] / Амантай Сатаев. ; [құраст. Сәуле, Жанар Сатаевалар]. - Алматы : Қайнар, 2009. - 240 б.

Қазақтың тұңғыш архивариусы (мұрағаттанушысы) Амантай Сатаевтың әдеби мұрасы бай. Тарихи танымды зерттеу-тұжырым мақалалары мен көркем очерктері, пьесалары мен кино-сценарийлері әсіресе ертеңгі ұрпаққа қажет. Әрбір шығармасы ақиқат жәйттерді арқау еткенімен құнды. Оқырман қауымға ұсынылған мына жаңа жинағы бұған және бір дәлел. Ж.Аймауытұлы жайлы «Жүсіпбек романындағы жаңашылдық» бөлімінде жазылған.



[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

Шығармалары

Жүсіпбектің каламынан туған мол мұраны М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары жинастырып, ғылыми зердеден өткізіп, 1996-1999 жылдары бес том етіп жарыққа шығарды. Сөйтіп, казак оқырманы әйгілі суреткердің шығармаларымен арада 60 жылдан астам уақыт өткенде кайта табысты. Ол казак әдебиетінде көркем прозада алғаш **лиризм** әкелген, сондай-ак пейзаждын үздік үлгісін, психологизмнің терен иірімдерін тамыршыдай дәл басқан нәзік стилист суреткер.





Повестер:
«Күнікейдің жазығы»

Романдар:
«Ақбілек»
«Қартқожа»

Пьесалар:
«Шернияз»
«Мансапқорлар»
«Ел қорғаны»
«Рәбиға»
«Қанапия - Шәрбану»
«Тас мейман»
«Сараң сері»
«Сылаң қыз»



Ертегілер:
«Пәренжі»

Әңгімелер:
«Әнші» (әңгіме)
«Елес» (әңгіме)
«Елеусіз ерлер»


Оқу құралдары:
«Ж. Аймауытов туындыларындағы тұлға»

Өлендері:
«Жинақ»

Поэмалар:
«Нұр күйі»



Аймауытов аз ғана ғұмырында әдебиеттің әр түрлі жанрларында өнімді еңбек етіп, құнарлы шығармалар қалдырған. Бес томдық шығармалар жинағында оның өлеңдері мен «Нұр күйі» поэмасы, «Рабиға», «Мансап қорлар», «Сылаң қыз», «Ел қорғаны», «Қанапия Шәрбану», «Шернияз» атты пьесалары, көптеген әңгімелері мен «Қартқожа», «Ақбілек» романдары, «Күнікейдің жазығы» повесі, балаларға арналған ертекттері, сын мақалалары мен аудармалары енген.



Қазақ романының негізін салушы

Кітапханада жыл сайын Республикалық «Бір ел-бір кітап» атты акция аясында іс-шаралар өтеді.

Мақсаты : отандық мәдени жәдігерді насихаттау, жастарды оқуға тарту және қоғамдағы оқу статусын көтеру.

Ж. Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Қазақ романының негізін салушы» атты электронды және кітап көрмесі.

Мәдениет Министрлігінің көмегімен Ұлттық академиялық кітапханамен Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» атты кітабы ұсынылған болатын.

Кітапта қазақ қызының қиын да қайғылы тағдыры жайында әңгімеленеді. Сондай-ақ тек үмітін үзбеген жан ғана өзінің бақытын табатындығы жайында жазылады. Жағдай қазақ ауылының дәстүрлі тәртібін өзгерткен революция оқиғаларынан кейін орын алған.

Автордың туындысы туралы оқымыстылардың ой-пікірін филология ғылымының докторы А. Ишанова былай саралайды: «Ж. Аймауытовтың жаңашылдығы ежелгі ұлттық ұсынуларға өнер мен мәнін тағайындауында».

Көрме жұмыс жасауын жалғастырады. Кітапханалар Ж.аймауытовтың өмірі мен шығармашылығымен таныстыруға шақырады.

«Ақбілек» романы – ХХ ғасырдың үшінші жартысындағы қазақ әдебиеті туындыларының ең қызықтысы және таңдаулысы деп атап өтті жазушы - драматург Әкім Тарази



**Жүсіпбек
Аймауытов**

Жылы лебіздер



**«Мен Жүсіпбек
Аймауытовтай
шебер жазушыны
бұрын-соңды
көрген емеспін».**

Б. Майлин



**«Ақбілек»
романынан адам
мінездерінің
энциклопедиясын
көруге болады».**

Р. Тоқтаров



**«Ж. Аймауытовтың
роман, повесі-қазақ
өмірінің айнасы.
Ондағы сурет өлі,
виртуалды сурет емес».**

Ш. Елеуєенов



**«Жүсіпбек – көркем сөздің
ерен жүйрік зергері.
Ол өрі акын, өрі жазушы,
журналист, публицист,
сыншы, асқан шебер
аудармашы және
педагог-ағартушы».**

К. Мұхамедханов



**«Ж. Аймауытов – бүкіл
бітім табиғатымен,
бар икем – қабілетімен,
алған мамандығымен,
істеген қызметімен
негізінен ұстаз адам».**

Т. Қожакеєев

**Шықпаса жаным денемнен,
Не салса тағдыр көрем мен.
Бір өзім үшін өлмеймін
Бір ғана соған көнем мен.
Кеудеде әзір жүрек бар,
Тілек бар! Соған сенем мен,
Артымда қыруар елім бар
Өлсе де денем, мен өлмен -
деп өзі айтқан Ж. Аймауытов.**

(Ж. Аймауытовтың соңғы өлеңі)

Жүсіпбек

Қара халық құшағында ержеткен,
Қара сөздің ақ бесігін тербеткен.
Арпалысып, һәм қарысып өтіпті,
Түзеймін деп замананы кер кеткен.

Билігі жоқ,
Қалам ғана қолында,
Атой салған әділдіктің жолында.
Аз ғұмыры (әттеген-ай!) өтіпті
Аттың жалы, Атан түйе қомында!

Керілген қас,
Кере қарыс маңдайы,
Кеудесінде бүкіл елдің мән-жайы.
Оқушының жазған сөзін оқыған
Қайта-қайта қағылыпты таңдайы.

Қалың елі ұрынғанда аштыққа,
Шыр қағыпты басы тимей жастыққа.
Жан адамға жазығы жоқ қазақты
Қандай адам қиған екен қастыққа!

Мейлі біреу тарлан десін, тай десін,
Бір өзіңе қандай адам сай келсін!
«Мұхтар мұқап қалмасын» деп беріпті
Өзі оқып, алып тұрған бәйгесін.


Кім қашады табиғаттың заңынан.
Өнер артық жеке бастың қамынан.
О бастан-ақ туа біткен таланттар
Бірін-бірі салған жерден таныған.

Қайран Жүке!
Қара сөздің жорғасы.
Қаламынан құйылғандай қорғасын.
Толмай қойды-ау сендей жанды алса
Ажал деген қайыршынын дорбасы!



Өмір өзі (тұрмаса да көк тіреп)
Дәл осындай адамдармен тәттірек.
...Жүсекеңнің көзіндей боп әр үйде
Түстеніп жүр «Қартқожа» мен – «Ақбілек».

Серік Тұрғынбекұлы

**Жүсіпбектің қаламынан туған мол мұраны
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының ғалымдары жинастырып, ғылыми
зердеден өткізіп, 1996-1999 жылдары бес том етіп
жарыққа шығарды. Сөйтіп, қазақ оқырманы әйгілі
суреткердің шығармаларымен арада 60 жылдан
астам уақыт өткенде қайта табысты.**



Жүсіпбек Аймауытовтың зерттелген және т.б. жарық көрген кітаптары




Жүсіпбек бабамызға ескерткіш ашылды



Додасы мен бәйгесі, мейрамы мен берекесі орнаған қасиетті Баянауыл топырағынан шыққан жазушы, драматург, Жүсіпбек Аймауытов бабамыздың рухына арналған ескерткіш Баянауыл ауылының орталығында орналасқан Даңқ алаңында бой көтерді.

Ескерткіштің ашылуына ауданымыздың беделді азаматтары ұйытқы болды. Аудан әкімі Әйткенов Ернұр Нұрмұханұлы және ауданның «Ақсақалдар алқасы» ардагерлер қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Рахметов Мұрат Дүйсенбайұлы Жүсіпбек бабамыз туралы өмір деректерінен сыр шертті. Бабамыздың рухына бағышталып құран оқылып, ас берілді.

Түстен кейін аудандық мәдениет үйінде Павлодар мемлекеттік университетінің ғалымдарының қатысуымен ғылыми конференция өткізіліп, соңынан шағын концерттік бағдарлама ұсынылды. Дарынды дара туған бабалардың рухы артында елі барда ешқашан өлмей, өшпей, мәңгі жасай берері сөзсіз.



Ж. Аймауытов - көп жыл ұмыт болып, туған халқымен кеш табысқан қайраткер, сондықтан да оның есімі кейінгі толық ұрпақ үшін аса қымбат. Бүгінде Баянауылдағы бір шаруашылық, орта мектеп оның есімімен аталуы - жазушыға көрсетілген құрметтің белгісі. Павлодар облыстық қазақ драма театрының Жүсіпбек Аймауытов есімімен аталуы да өте құптарлық іс болып саналады.



Ж. Аймауытұлы
балаларымен бірге
(Бектұр, Жанақ, Муза)



Баянауыл ауданындағы
Ж. Аймауытов
атындағы орта мектептегі
жазушының бюсті



Ж. Аймауытұлы жары
Евгения Қарабатырқызы
Сермұхамедовамен бірге

Бұл виртуалды көрмеміз - ХХ ғасырдың басындағы ірі саяси тұлға, көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, жазушы Жүсіпбек Аймауытовқа арналады.

Мақсаты: халқымыздың, ұлттық зиялыларын, елеусіз қалған есіл ерлерімізді қалың көпшілікке насихаттау, сондықтан да біртуар азаматтарымыздың өмірі мен халық үшін атқарған қызметін жан-жақты, терең зерттеу, олардың әрқайсысының шығармашылық және қайраткерлік еңбегін халық арасында кеңірек насихаттау. Ж. Аймауытовтың таңдамалы еңбектері мен ол туралы зерттеулер енгізілді.

Ұсынып отырған виртуалды көрмеміз талант иесі, әдебиетке әкелген жаңалығы мен еңбегі орасан зор Ж. Аймауытов жайлы.

Өткен тарихымызды бұрмалаусыз, тура қорытудың бірден-бір жолы халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген арыстарымыздың артында қалдырған рухани мұрасын оқырманның, әсіресе жас ұрпақтың қолына жеткізу болса керек.

Қазақ әдебиетіндегі роман жанрының тууын Жүсіпбек Аймауытов есімімен байланыстыруға әбден болады. Әдебиеттерді оқи отырып сіздердің құштарлықтарыңыз артатына сенеміз!

*Назар аударғандарыңызға
рахмет!*

*Виртуалды көрме
Тараз қаласы ОККЖ
ақпараттық – библиографиялық,
қамтамасыз ету бөлімінде
жасалды*

www.lib.e-taraz.kz